

Г.И. ИСКАКОВА

## СЫР ӨңІРІ КҮЙЛЕРІНІҢ ӘУЕНДІК ҚҰРЫЛЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада Сыр жері күйшілік дәстүрінің ірі өкілдері Әлшекей Бектібайұлы, Құрақтың Досжаны, Исламбек Ысқақұлының күйлеріндегі дыбыс қатарлық ерекшеліктерін талдауға бағыт ұстандық. Бір ғасырлық күйшілік өнер тарихын қамтыған үш күйшінің күйлеріндегі дыбыс қатарын саралау, әрине әр сападағы дыбыстар болу мүмкіндігімен қоса, домбыра дыбыс қатарының тарихи өркендеу процесін айқындайды.

Әлшекейдің шығармаларының ең аз дыбысты (7 дыбыс) «Шертпе» күйі (соль иониялы дыбыс қатары) тоникадан төмен «ре» субкварталық дыбысымен бір октавалы диапазонға ие болады. Негізгі дыбысы «сольдан» басталған иониялы дыбыс қатары (домбыраның жоғарғы ішегінің ашық дыбысы) Орталық, Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстары күйлеріне тән болып табылады.

$d G a h c d e f i s g$  7 дыб.

«Шертпе» күйіндегі аталған 7 дыбыс «Терісқақпай», «Отарба» және «Шерлі» атты үш күйде де дыбыс қатарын құрайды. Мұндағы дыбыс қатары «Шертпе» күйіндегі дыбыс қатарында аталған дыбыстардан құралғанымен, алайда, кейбір дыбыстарды октавалы қайталаулар есебінде оның диапазоны толтырылған субкварталмен кеңейтілген болып табылады. Бұл дыбыс қатарларының арасында айта кететін тағы бір маңызды конструктивті айырмашылық бар – егер «Шертпе» күйінде негізгі дыбыс «соль» дыбысында табылатын болса, «Терісқақпай», «Отарба» және «Шерлі» күйлерінде негізгі дыбыс «ля» дыбысынан табылады. Сондықтан толық дыбыс қатары дориялыққа сәйкес. Бұл Қызылорда облысы дәстүрлі күйлерінің көпшілігіне тән әуендік құбылыс болып келеді.

$d e f i s g A h c d e f i s g a h$  7 дыб.

Келесі «Токтаған», «Егес» және «Толқын» атты үш күйдің де дыбыс қатары әр түрлі сападағы 8 дыбыстардан тұрады. «Егес» күйінің де дыбыс қатары 8 дыбыстан қалыптасады, бірақ бұл дыбыс қатары октавалы қайталаулар есебінде жоғарғы регистрдің кеңеюіне әкеледі. «Токтаған» күйі сияқты мұнда да дыбыс қатары YI сатысы альтерацияланған минорлы диатоника болып табылады, бірақ мұнда альтерация бір регистрде өткенімен осы басқыштың төменгі октавасындағы көтеріңкі вариантын да байқауға болады.

$d e f i s A h c d e f i s g a$  8 дыб.

Әлшекейдің «Толқын» күйі де 8 дыбыстан тұрады, бірақ дыбыс қатары алдыңғылардан біраз ерекшеленеді. «Егес» және «Токтаған» күйлерімен салыстырғанда бұл күйде жаңа cis дыбысы пайда болады да, керісінше f дыбысы кездеспейді. Бұл дыбыс қатарын биіктетілген YI басқышпен диатоникалық мажорлы-минор ретінде формалды түрде анықтауға болады. Бірақ cis дыбысы тек сүйемелдеуші екінші ішекте ғана анда-санда көрінетіндіктен бұл жерде мажорлы-минор әуендік бояулары айқын байқалмайды.

$d e f i s A h c d e f i s g a h$  8 дыб.

Сонымен, жоғарыдағы сараптау барысында анықталған Әлшекей күйлерінің дыбыс қатарларын бір жүйелі қалыпқа келтірсек, күйшінің домбыра пернелер жүйесін көз алдымызға анық елес-тете аламыз.

Әлшекей күйлерінің жалпы дыбыс қатары –  $d e f i s g a h c i s d e f i s g a h$

Кварталық бұраудағы Әлшекей домбырасының пернелер жүйесі:

Жоғарғы ішек:  $g a h c d e f i s g a h$

Төменгі ішек:  $d e f i s g a h c i s d e f i s$

Пернелер нөмірі: 0 2 4 5 7 9 10 11 12 14 16

Пернелер жүйесінен көрінетіні, біріншіден, Әлшекей домбырасында 1-ші, 3-ші, 6-шы, 8-ші, 13-ші және 15-ші пернелердің жоқтығы, бұл осы немесе басқа дыбыс қатарларының болу мүмкіндігін анықтайды. «Соль» негізгі дыбысында иониялы немесе иониялы-миксолидиялық, немесе миксолидиялық (соңғы дыбыс қатары күй зерттеулерінде көзге түспеген, алайда Әлшекей күйлерін жинау барысында оның табылуы әбден ықтимал) дыбыс қатарларының жүзеге асуы мүмкін.

«Ля» негізгі дыбыста эолиялы, дориялы, эолия-doriaлық екі вариантта табылуы мүмкін (YI басқыш альтерациясы бір октава көлемінде немесе октава ара қашықтығында). Пернелер жүйесін анықтаған сәтте біздің тағы бір байқағанымыз мажорлы-минорлы дыбыс қатары негізгі ішекте көрінуі мүмкін емес. Мысалы «Толқын» күйінде «додиез» дыбысын небары екі тактіде қосалқы бояма ретінде ғана сүйемелдеуші ішектен көре аламыз.

Егер «ля» негізгі дыбыс есебінде болса – эолиялы; дориялы, эолиялы-doriaлық дыбыс қатарлары

пайда болуы ықтимал. Сонымен бірге эолия-дориялы дыбыс қатарлары альтерациялық өзгерістерге ұшырауына байланысты VI басқыштың екі вариантта табылуы мүмкін (ол аталмыш басқыштың октава көлеміндегі альтерациясы мен октава арақашықтығындағы альтерация).

Біз сараптап зерттеген Досжанның сегіз күйінің арасында 7, 8, 9, 10 және 11 дыбыстардан тұратын күйлері бар. Жеті дыбысты күйге жататын «Қоңыр қаз» YII, IY қосымша басқыштармен негізделген мажорлы пентатоника болып табылады. Мұндай дыбыс қатары Солтүстік және Шығыс Қазақстан өңірлеріне тән шертпе стилінде кездеседі.

$c\ g\ f\ y\ C\ d\ e\ f\ g$  7 дыб.

«Жетім қыз» күйі де 8 дыбысты дыбыс қатарын құрайды. Диапазоны кең II басқышы октава арқылы альтерацияға ұшырасқан.

$d\ e\ f\ g\ A\ c\ d\ e\ f\ g\ a\ h\ c\ d\ e$  8 дыб.

Досжанның «Бәти қыз» күйі 9 дыбыстан тұрады. II басқыштары альтерацияланған минорлығымен ерекшеленеді және егер II басқыштың альтерациясы бір октавада өтсе, Y басқыштың альтерациясы әртүрлі октавада өтеді.

$d\ e\ f\ g\ A\ b\ c\ h\ c\ d\ e\ s\ e\ f\ g\ a$  9 дыб.

10 дыбыстан тұратын «Қара жорға» күйінің II; Y; YI басқыштары альтерацияға ұшырасады. Егер II басқыш бір октавада альтерацияланса, қалған екеуі әртүрлі октавада альтерацияланған.

$d\ e\ f\ f\ i\ s\ g\ A\ b\ h\ c\ d\ e\ s\ e\ f\ g\ a$  10 дыб.

«Қыпын» және «Кербез төре» 11 дыбысты дыбыс қатарына ие болады. «Қыпын» күйінде альтерация үш басқышта II (октава арқылы), Y (октава арқылы) және YII (бір октавада) бейімделеді.

$d\ e\ f\ A\ b\ c\ d\ e\ s\ e\ f\ (f\ i\ s)\ g\ (a\ s)\ a\ b\ h$  11 дыб.

«Кербез төре» күйінде альтерация әр үш басқышта; II, IY және YII басқышта бір октавада өтеді.

$D\ f\ g\ F\ b\ h\ c\ (d\ e\ s)\ d\ (e\ s)\ e\ f\ (f\ i\ s)\ g\ a\ h$  11 дыб.

Егер айқындалған барлық дыбыс қатарын біріктірсек, Досжан күйлерінің дыбыс биіктіктерінің жүйесін анықтаймыз. Яғни, сол арқылы бізге домбыраның ладтық пернелер жүйесін қалпына келтіруге мүмкіндік туады.

Екі ішекте алынған жалпы дыбыс қатары.

$d\ e\ f\ f\ i\ s\ g\ a\ b\ h\ c\ c\ i\ s\ d\ e\ s\ e\ f\ f\ i\ s\ g\ a\ b\ h\ c\ d$

Жалпы дыбыс қатары Досжан домбырасының барлық дыбыстары арасындағы конкварталық қатынасты көрсететін болса, онда Досжан домбырасының мойынында пернелер жүйесін қайта қалпына келтіру және жоғарғы, төменгі ішектермен кварталық, сол сияқты квинталық күйге келтіргенде қандай дыбыстар алынуы мүмкін екенін көрсету қиын емес.

Досжан домбырасының пернелер жүйесі.

Кварталық күйіне келтіру

Жоғарғы ішек дыбыстары:  $g\ f\ d\ h\ c\ d\ e\ s\ e\ f\ f\ i\ s\ g\ a\ b\ h\ c\ d$

Төменгі ішек дыбыстары:  $d\ e\ f\ f\ i\ s\ g\ a\ b\ h\ c\ c\ i\ s\ d\ e\ f\ e\ g\ a$

Пернелер нөмірі: 0 2 3 4 5 7 8 9 10 11 12 14 15 16 17 19

Квинталық күйге келтіргенде жоғарыда көрсетілген осы пернелер жүйесі екінші ішектің бұрауы бір тонға төмендетілгендіктен дыбыс қатары, жалпы дыбыс қатарында өзгеріске ұшырайды.

Квинталық күйіне келтіру

Пернелер нөмірі: 0 2 3 4 5 7 8 9 10 11 12 14 15 16 17 19

Жоғарғы ішек дыбыстары:  $g\ f\ d\ h\ c\ d\ e\ s\ e\ f\ f\ i\ s\ g\ a\ b\ h\ c\ d$

Төменгі ішек дыбыстары:  $c\ d\ e\ s\ e\ f\ g\ a\ s\ a\ b\ h\ c\ d\ e\ s\ e\ f\ g$

Квинталық күйге келтіргенде екі ішектің дыбыс қатары —  $c\ d\ e\ s\ e\ f\ g\ a\ s\ a\ b\ h\ c\ d\ e\ s\ e\ f\ f\ i\ s\ g\ a\ b\ h\ c\ d$

Исламбектің барлық күйлері сандық белгілері бойынша 8, 9, 10 және 11 дыбысты болып бөлінеді. 8 дыбыстыларға жататындар: «Күрішшілер биі», «Ой шақыру» және «Тарту». Үш күйдің әрқайсысында дыбыс қатарлары әртүрлі сападағы дыбыстардан құралады. Екі күйде тек минорлы дыбыс қатары құрылатын негізгі дыбыс «ля» болып табылады. «Күрішшілер биі» күйінде дыбыс қатарының минорлы диатоникасы Y басқышта бір регистрде альтерацияға ие болады. «Күрішшілер биі».

$d\ e\ g\ A\ b\ c\ d\ e\ s\ e\ f\ g\ a$  8 дыб.

«Тарту» күйінің мажорлы диатоникалық дыбыс қатарында бір октаваның көлемінде YII басқыш альтерацияланады.

$d\ e\ f\ f\ i\ s\ G\ a\ h\ c\ d\ e\ f\ g\ a\ h\ c\ d$  8 дыб.

Исламбек «Керек бізге бейбітшілік» және «Мәңгі тірі» атты екі күйінде 9 дыбысты қолданады. «Керек бізге бейбітшілік» күйінің негізгі дыбысы ля дыбысында орналасқан. Бұл күйдің дыбыс қатарының III және YII басқыштарда альтерациясы бар (бір октавада).

$d\ e\ f\ i\ s\ g\ g\ i\ s\ A\ b\ c\ c\ i\ s\ d\ e\ f\ i\ s\ g\ a$  9 дыб.

«Мәңгі тірі» күйінің дыбыс қатары негізгі дыбысы «соль» биіктігінде орналасқан минорлы диатоникаға жатады. Бұл жерде II, III басқыштар альтерацияланады (екеуі де бір октавада).

$d\ e\ s\ G\ a\ s\ a\ b\ c\ c\ i\ s\ d\ e\ s\ f\ g\ a\ b\ c\ d$  9 дыб.

Тек бір «Паравоз» күйі негізінде ғана әр сападағы 10 санды дыбыс қатарынан тұрады. Негізгі дыбысы «ля» биіктігінде орналасқан минорлы диа-

тоникалық дыбыс қатары II, U және YII басқыштарда альтерацияға ие (әр альтерация бір октавада өтеді).

D e fis A b h c d es f fis g a d 10

Тек «Дутар сазы» күйінің негізінде ғана II дыбысты жиынтық жатыр. Негізгі дыбысы ля болып табылатын дыбыс қатарында II, III, Y және YII басқыштар альтерацияланады (әрқайсысы бір октавада).

D e g A b h c cis d es e f g gis a h c 11

«Майданнан оралмағандарға» және «Түрікмен сазы» атты екі күй 12 дыбысты дыбыс қатары жиынтығын құрайды. Қазақтың дәстүрлі әуенінде 12 дыбыс бар болғандықтан, 12 дыбысты жиынтық болуы мүмкін екені түсінікті. «Майданнан оралмағандарға» күйінің негізгі дыбысы «ля-дан» басталатын дыбыс қатарында II, III, Y, YI және YII басқыштары альтерацияланады (әрқайсысы бір октавада).

D e fis A b h c cis es e f fis g gis a b c 12 дыб.

«Түрікмен сазы» күйінде 12 дыбысты сол базалық дыбыс жиынтығы қолданылады. «Майданнан оралмағандарға» күйіне қарағанда басқа дыбыс қатарын қалыптастырады. Бұл негізгі дыбыстың басқаша орналасқаны мен төрт басқыштың айырықша альтерациясынан көрінеді. Негізгі дыбысты «соль» деп белгілесек, II III IV YI YII басқыштары бір регистрде альтерацияланады.

D es f G as b h c cis d es e f fis g gis a b c cis d 12 дыб.

Исламбектің домбырасын қайтадан қалпына келтірмесе де болады, себебі ол хроматикалық темперациясы бірқалыпты қазіргі фабрикалық домбыраны пайдаланған. Оның орындауындағы 12 дыбысты күйде әр сапада бар 12 дыбыстың барлығы да қатысатындығын дәлелдейді. Бұл ойымызды Исламбектің репертуарындағы әр сападағы 12 дыбысты күйлердің барлығы да дәлелдейді.

Әлшекей, Досжан және Исламбектің домбыра күйлерінің дыбыс қатарын сараптау мынаны

көрсетеді:

- Қызылордалық күйлер дыбыс қатарының әртүрлілігімен, көптігімен ерекшеленеді және Еуропалық жалпы қабылданған дыбыс қатарының номенклатурасымен бір қатарда бағаланбайды;

- Қызылорда өңірі күйлерінің дыбыс қатарының құрылымында бір жағынан Батыс Қазақстандық күйлердің белгісі (төкпе) болса, екінші жағынан Шығыс Қазақстандық күйлердің белгісі (шертпе) бар;

- Қызылорда күйлерінің дыбыс қатары үшін құрылым базасы 7-ден 12-ге дейінгі әр сападағы дыбыстар болуы ықтимал (октавалы қайталаулар бір сападағы дыбыс ретінде қабылданады). Кез келген дыбыс жиынтығы кездесуі мүмкін;

- Әлшекей, Досжан және Исламбектің дыбыс қатарларын салыстыру – әр сападағы дыбыс санының көптігін және домбыра дыбыс қатарының тарихи өркендеу процесін, (Әлшекей – 7,8 дыбыстар, Досжан – 7-ден 11-ге дейін дыбыстар, Исламбек 8-ден 12-ге дейінгі дыбыстар) және дыбыс қатарының ішінде дыбыс арақатынасының күрделенуін терең көрегенділікпен көрсетеді;

- Әр сазгердің жеке күй дыбыстары қатарының құрылымын даралай сараптау – Әлшекей, Досжан, Исламбек домбырасының ладтық пернелер жүйесін таза теориялық жолмен қалпына келтіруді мүмкін етеді. Мұндай қалпына келтіру әдістемесі қазақ күйтануында кеңінен қолданылуы ықтимал, бұл қазақтың дәстүрлі домбыра өнерінің өркендеуі мен тарихи процестерінің қалыптасуы жөніндегі көзқарасымызды кеңінен байытады.